

UDC/ƏOЖ/УДК 327  
ICSTI/FTAMP/MPHTI 11.25.09

## China and Qazaqstan in the Context of Global Digital Transformation: Search for Common Approaches

**Jingcheng Li**

*PhD, Assistant Director, Institute of Regional Studies and International Communication, Shenzhen University, Head of the Center for Russian and Central Asian Studies, Assistant Professor, Institute of International Studies, Shenzhen University, Shenzhen, China.*

*E-mail: jc.li@szu.edu.cn*

*<https://orcid.org/0000-0003-1764-3873>*

<b>Key words:</b> China; Qazaqstan; One Belt, One Road Initiative; China-Qazaqstan cooperation; digital economy; Digital Silk Road	<b>Тірек сөздер:</b> Қытай; Қазақстан; «Бір белдеу, бір жол»; Қытай-Қазақстан ынтымақтастығы; цифрлы экономика; «Цифрлы Жібек жолы»	<b>Ключевые слова:</b> Китай; Казахстан; Инициатива «Один пояс, один путь»; Китайско-Казахстанское сотрудничество; цифровая экономика; Цифровой шелковый путь
--	---	---

Digital transformation is a comprehensive transformation of socio-economic structures at the present stage of human development, characterized by the introduction of advanced technologies and innovations, the integration of the Internet with the real sector of the economy. Digitalization of economic processes occupies a key place among the world's countries, contributing to increased productivity and technological breakthroughs. The Belt and Road Initiative (BRI) is aimed at expanding the interconnections between countries and regions, opening new opportunities for comprehensive practical cooperation in various areas of activity. China is actively promoting the alignment of the national digital economy development plan with the digitalization strategies of partner countries participating in the BRI within the framework of the Digital Silk Road. In this article, China and Qazaqstan are chosen as objects of study because these countries share not only a common state border, but also a vision and principles of enhanced regional economic integration. They adhere to practical approaches to comprehensive aspects of cooperation. The article discusses the national approaches of China and Qazaqstan in the field of digital economy and digital society. Practical measures have also been developed to improve the Digital Silk Road and strengthen the strategic partnership between China and Qazaqstan in the context of digital transformation.

**Source of funding:** This article was prepared under the grants of the National Social Science Foundation of China (No. 22CGJ048) and the Starting Fund for Research of Young Teachers of Shenzhen University (No. 000001032057).

**For citation:** Jingcheng Li. 2024. China and Qazaqstan in the Context of Global Digital Transformation: Search for Common Approaches. *Qazaq Historical Review*, vol. 2, no. 3, 243–250 (in Qazaq). DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2024.3.243.250>

## Жаһандық цифрлы трансформация жағдайындағы Қытай мен Қазақстан: ортақ ізденістер

**Цзинчэн Ли**

*PhD, ассистент-директор, Шэньчжэнь университетінің аймақтану және халықаралық коммуникация институты, Ресей және Орталық Азия зерттеулер орталығының меңгерушісі, ассистент-профессор, Шэньчжэнь университеті халықаралық зерттеулер институты, Шэньчжэнь, Қытай*

Цифрлы трансформация дегеніміз алдыңғы қатарлы технология мен инновацияны енгізу, Интернетті экономиканың нақты секторымен интеграциялау арқылы адамзат дамуының қазіргі заманғы сатысындағы әлеуметтік-экономикалық құрылымға кешенді түрде өзгеріс енгізу болып саналады. Өндіріс пен технологиялық серпінді күшейту мақсатында әлем елдері экономикалық процестерді цифрландыруға ден қойып отыр. «Бір белдеу, бір жол» бастамасы түрлі салалар бойынша жан-жақты әрекеттестік үшін жаңа мүмкіндіктер аша отырып, елдер мен аймақтардың өзара байланысын кеңейтуге бағытталған. Қытай өзінің цифрлы экономикасын дамытуға арналған ұлттық жоспарын «Бір белдеу, бір жолға» қатысатын серіктес елдердің цифрландыру стратегиясымен «Цифрлы Жібек жолы» шеңберінде

сәйкестендіріп отыр. Бұл мақалада Қытай мен Қазақстан зерттеу объектісі ретінде кездейсоқ таңдалмаған, өйткені екі елдің шекарасы ғана емес, сонымен қатар аймақтық экономикалық интеграцияны күшейту жөніндегі принциптері мен ұстанымдары да ортақ. Оны жан-жақты ынтымақтастықтың практикалық бағыттарынан да көруге болады. Мақалада Қытай мен Қазақстанның цифрлы экономика мен цифрлы қоғам саласындағы ұлттық бағыттары қарастырылған. Сонымен қатар «Цифрлы Жібек жолын» жетілдіруге және Қытай мен Қазақстанның цифрлы өзгерістер жөніндегі стратегиялық серіктестігін нығайта түсуге арналған практикалық іс-шаралар ұсынылған.

**Қаржыландыру көзі:** Мақала Қытайдың қоғамдық ғылымдар ұлттық қорының гранты (№ 22CGJ048) мен Шэньчжэнь университеті жас оқытушылары зерттеулерінің бастапқы қоры (№ 000001032057) бойынша әзірленген.

**Сілтеме жасау үшін:** Ли Цзинчэн. Жаһандық цифрлы трансформация жағдайындағы Қытай мен Қазақстан: ортақ ізденістер. *Qazaq Historical Review*. 2024. Т. 2. № 3. 243–250-бб. DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2024.3.243.250>

## Китай и Казахстан в условиях глобальной цифровой трансформации: поиск общих подходов

Цзинчэн Ли

*PhD, ассистент-директор, Институт регионоведения и международной коммуникации Шэньчжэньского университета, заведующий Центром российских и центральноазиатских исследований, ассистент-профессор, Институт международных исследований Шэньчжэньского университета, Шэньчжэнь, Китай*

Цифровая трансформация представляет собой комплексное преобразование социально-экономических структур на современном этапе человеческого развития, характерное внедрением передовых технологий и инноваций, интеграцией Интернета с реальным сектором экономики. Цифровизация экономических процессов занимает важнейшее место среди мировых стран, способствуя повышению производительности и технологическим прорывам. Инициатива «Один пояс, один путь» (ОПОП) направлена на расширение взаимосвязей между странами и регионами, открывая новые возможности для всестороннего практического взаимодействия по различным сферам деятельности. Китай активно продвигает сопряжение национального плана развития цифровой экономики со стратегиями цифровизации партнерских стран, участвующих в ОПОП, в рамках «Цифрового шелкового пути». В данной статье Китай и Казахстан выбраны как объекты исследования неслучайно, поскольку эти страны имеют не только общую государственную границу, но и видение и принципы усиленной региональной экономической интеграции. Они придерживаются практических подходов к всесторонним аспектам сотрудничества. В статье рассмотрены национальные подходы Китая и Казахстана в области цифровой экономики и цифрового общества. Также выработаны практические меры для совершенствования «Цифрового шелкового пути» и укрепления стратегического партнерства Китая и Казахстана в рамках цифровых преобразований.

**Источник финансирования:** Статья подготовлена в рамках грантов Национального фонда общественных наук Китая (№ 22CGJ048) и Стартового фонда исследований молодых преподавателей Шэньчжэньского университета (№ 000001032057).

**Для цитирования:** Цзинчэн Ли. Китай и Казахстан в условиях глобальной цифровой трансформации: поиск общих подходов. *Qazaq Historical Review*. 2024. Т. 2. № 3. С. 243–250. (на каз. яз.). DOI: <https://doi.org/10.69567/3007-0236.2024.3.243.250>

### Кіріспе

Жаһандық цифрлы трансформация желідегі өзара іс-қимылдан бастап, виртуалды және шынайы ортаға дейінгі көптеген саланы қамтитын жаңа сапалық сатыға өтіп жатыр. Бұл контексте цифрлы экономика өсім мен тұрақтылықты қамтамасыз ете отырып, әлемнің жетекші елдерінің экономикалық жүйелерін модернизациялауда негізгі рөл атқарып отыр. Қытайдың ақпарат және коммуникация технологиясы академиясының мәліметіне қарағанда, 2023 жылы АҚШ, Қытай, Германия, Жапония және Оңтүстік Корея цифрлы экономикасының жалпы көлемі 33 триллион доллардан асқан, ал жылдық өсімі 8 пайыздан жоғары болған, бұл жалпы ішкі өнімінің 60 пайызы [Жаңалықтар 2024].

### Цифрлы трансформация: әлемдегі тенденция және жаңа өсім нүктелері

Цифрлы технологиялардың интеграциясы әлемдегі экономиканың нақты секторына терең өзгеріс енгізіп жатыр. Экономика заңдылықтарына, өнеркәсіп секторының құрылымы,

өндіріс моделдері, бизнес-операциялар, коммерциялық әрекеттер, нарықтағы жұмыс пен өзге де салаларға зор әсерін тигізе бастады. Бұл өз кезегінде цифрлы экономиканың қызметі жөніндегі теория мен заң жасау қажеттілігін күн тәртібіне өткір қойып отыр. Цифрлы экономика экономикалық іс-әрекет түрлерінің жиынтығы саналады, оның ішінде мәліметтер ресурсы - өндірістің негізгі факторы, желі – маңызды ақпарат жинақтаушы, ал цифрлы технологияны ыңғайлы пайдалану – тиімділікті жоғарылату мен құрылымдық оңтайландырудың маңызды қозғаушы күші.

Цифрлы трансформация дегеніміз - жасанды интеллект, мол мәлімет пен машиналық оқу секілді технологияларды енгізу арқылы әлеуметтік-экономикалық құрылымдарды кешенді түрде өзгерту. Трансформация мақсаты – тұрмыс сапасын жақсатып, өнім шығаруды жоғарылататын жаңа экономикалық модельдер мен шешімдер жасау.

Қытайдың қазіргі сыртқы саясатында Орталық Азия негізгі орын алады. Кейінгі жылдары ынтымақтастық күшейіп, барлық деңгейдегі қатынастар «Қытай – Орталық Азия» форматында одан әрі дамып келеді. Бұл өз кезегінде сауда-экономикалық ынтымақтастық, өнеркәсіптегі қайта құру, технологиялық инновация, кедейшілікпен күрес және мәдени-білім айырбасын әрі қарай дамыта түседі. 2013 жылы Қытай ұсынған «Бір белдеу, бір жол» бастамасы осы жол бойындағы елдерді өзара байланыстыратын арналарды қалыптастыру болатын. Қазақстан «Жібек жолы» экономикалық белдеуі арқылы бұл бастаманы алғаш жүзеге асыруға кірісті. Қытай мен Қазақстан ұлттық экономикаларын цифрлы трансформациялау, жасанды интеллектінің жаңа инфрақұрылымын жасау және қолданбалы қуат құру арқылы аймақтық ынтымақтастықты нығайтып отыр.

Соңғы жылдары Қытай мен Қазақстанның екіжақты ынтымақтастығы «Бір белдеу, бір жол» шеңберінде дәстүрлі секторларды нығайтып, цифрлы және жасыл экономикада жаңа өсім нүктелерін құруда, ауқымды жобаларды жүзеге асыруда елеулі табыстарға жетті. ҚХР төрағасы Си Цзиньпиннің 2024 жылы шілдеде Қазақстанға барған сапарында тараптар қалпына келетін энергия, пайдалы қазбалар мен инновация, цифрлы экономика, азық-түлік қауіпсіздігі, ауыл шаруашылығы, көлік және логистика салаларындағы ынтымақтастықты тереңдете түсуге уағдаласты [Бірлескен мәлімдеме 2024].

### **Цифрлы экономика: Қытай мен Қазақстан тәсілдері**

Қазіргі уақытта цифрлы экономика Қытайдың экономикалық трансформациясының қозғаушы күші болып отыр. Осыған байланысты мемлекет оның қызметін реттеу үшін бірқатар құқықтық - нормативтік құжаттар қабылдады. ҚХР төрағасы Си Цзиньпин «Цифрлы экономика — жаһандық дамудың келешек бағыты» деп атап өтті [Бірлесіңіздер 2020]. 2022 жылы ҚХР Мемлекеттік кеңесі осы тұжырымдаманың кепілі болатын «Цифрлы экономиканы дамытудың 14-бесжылдық жоспарын» қабылдады. Бұл жоспардың негізгі бағыттары мыналар:

1. Цифрлы инфрақұрылымды оңтайландыру мен модернизациялау.
2. Мәлімет элементтерін пайдалану.
3. Салалардың цифрлы трансформациясына ықпал ету.
4. Цифрлы индустрияландыруды алға жылжыту.
5. Мемлекеттік қызметтерді цифрландыру деңгейін көтеру.
6. Цифрлы экономиканы басқару жүйесін жетілдіру.
7. Цифрлы экономиканың қауіпсіздік жүйесін нығайту.
8. Цифрлы экономика саласындағы халықаралық ынтымақтастықты нығайту.

Жоспарға ақпарат желілерінің инфрақұрылымын модернизациялау мен оңтайландыру секілді 11 арнаулы жоба кірген. 2025 жылға қарай цифрлы экономика толық дамуына жетіп, цифрлы экономика негізгі салаларының қосымша құны ЖІӨ-нің 10%-ы болуға тиіс еді [Ескерту 2022]. Бұл меже 2023 жылы 12 триллион юаннан асып, мерзімінен бұрын

орындалды. Бүгінде Қытай цифрлы инфрақұрылым бойынша әлемде екінші орын алып отыр, ал жасанды интеллект пен 5G/6G тәрізді алдыңғы қатарлы технология қарыштап өсіп келеді [Есеп 2024].

Қытай цифрлы экономика шеңберінде халықаралық ынтымақтастықты белсенді түрде дамытуды көздейді. 2015 жылы өткен «Интернет жөніндегі екінші дүниежүзілік конференцияда» Қытай әлемдегі серіктестеріне «Бір белдеу, бір жолдың» құрамдас бөлігі саналатын «Цифрлы Жібек жолын» бірлесе құруды ұсынды. Байланыс, инфрақұрылым, электронды коммерция, ақылды қала, мол мәлімет, мобильді төлем салаларындағы ынтымақтастық осы бағытта жүріп келеді. Қытай «Цифрлы Жібек жолы» шеңберіндегі ынтымақтастық туралы 17 елмен меморандумға қол қойды, 14 елмен «Бір белдеу, бір жол» цифрлы экономика саласындағы халықаралық ынтымақтастық бойынша Бейжің бастамасын» жариялады. «Жібек жолындағы электронды сауда» бойынша серіктес елдер 30-ға жетті, ал шекарадағы электронды сауда импорты мен экспорты 2,38 триллион юанға жетті [Есеп 2024; Есеп 2023].

«Бір белдеу, бір жол» цифрлы экономикасының даму индексі» баяндамасында 65 ел қарастырылған [Есеп 2018]. Баяндамада Орталық Азияда, соның ішінде Қазақстанда цифрлы экономиканың қазірдің өзінде жылдамырақ дами бастағаны аталған. Кейінгі жылдары Қазақстан цифрлы экономика арқылы елдің халықаралық бәсеке қабілетін көтере түсуге ұмтылып отыр [Сембеков және т.б. 2020: 79–89; Alibekova және т.б. 2020: 565–575]. 2017 жылы Қазақстан үкіметі «Цифрлы Қазақстан» деп аталатын (2018–2022 жж.) мемлекеттік бағдарлама қабылдап, оған республикалық бюджеттен 108 миллиард теңге, квазимемлекеттік сектордан 169 миллиард теңгеден астам қаржы тартатын болды. Бұл бағдарлама Қазақстанның жетекші цифрлы елдерге қосылуы үшін экономика технологиясын модернизациялауды ынталандыру мен еңбек өнімділігін көтеру үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

Бағдарлама мақсаты – цифрлы технологияны пайдалану арқылы экономиканың даму қарқынын жеделдету және халықтың тұрмыс сапасын жақсарту, экономиканы дамудың жаңа траекториясын өткізетін жағдай туғызу болып табылады [Сагинтаев 2017].

Бағдарлама бес бөліктен тұрады:

1. Экономика салаларын цифрландыру.
2. Цифрлы мемлекетке өту.
3. Цифрлы Жібек жолын жүзеге асыру.
4. Адам капиталын дамыту.
5. Инновациялық экожүйе құру.

Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылы халыққа арнаған жолдауында Қазақстанды IT-елге айналдырудың стратегиялық міндеттерін атап өтті. Қазақстан, әсіресе электронды үкімет саласын цифрландыру және инновациялау, IT-қызметтерді экспорттау, цифрлы білім ресурстары мен еңбек нарығын қамтамасыз етуге назар аударып отыр [Мемлекет басшысы... Жолдауы 2023]. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев үкіметтің азаматтармен және бизнеспен байланысында цифрлық технологияның маңызын атап көрсетті. Бұл тұрғыдан Қазақстан елеулі жетістіктерге жетті: мемлекеттік қызметтің 90%-дан астамы электронды форматта жасалынды [Мемлекет басшысы... 2022]. Болжамға қарағанда, цифрландыру 2025 жылы 1,7-2,2 трлн теңге көлемінде қосымша құн құрайтын болады [Цифрлық Қазақстан 2018].

### **Цифрлы Жібек жолы: трансформацияның ортақ жолдары**

Қытай мен Қазақстан «Цифрлы Жібек жолы» және «Цифрлы Қазақстан» стратегияларын үйлестіруге бірлесе күш салып келеді. Екі елдің ресми құжаттарында ынтымақтастық белгісінің бірі ретінде цифрлы экономиканың маңызы әлденеше рет атап көрсетілді.




Fig. 1. Following the high-level talks, President of Qazaqstan Kassym-Jomart Tokayev and Chairman of the People's Republic of China Xi Jinping signed a Joint Statement. Astana, July 3, 2024. Source: [https://www.akorda.kz/public/assets/media/uploadMedia/1720003887\\_KZ3\\_9379\\_2.jpg](https://www.akorda.kz/public/assets/media/uploadMedia/1720003887_KZ3_9379_2.jpg)

1-сур. Жоғары деңгейде өткен келіссөздер қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин Бірлескен мәлімдемеге қол қойды. Астана, 2024 жылғы 03 шілде. Дереккөз: [https://www.akorda.kz/public/assets/media/uploadMedia/1720003887\\_KZ3\\_9379\\_2.jpg](https://www.akorda.kz/public/assets/media/uploadMedia/1720003887_KZ3_9379_2.jpg)

Рис. 1. По итогам переговоров на высшем уровне Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев и Председатель Китайской Народной Республики Си Цзиньпин подписали Совместное заявление. Астана, 3 июля 2024 года. Источник: [https://www.akorda.kz/public/assets/media/uploadMedia/1720003887\\_KZ3\\_9379\\_2.jpg](https://www.akorda.kz/public/assets/media/uploadMedia/1720003887_KZ3_9379_2.jpg)

Цифрландыру мәселесіне 2024 жылы Астанада өткен келіссөзде екі мемлекет басшылары тағы да тоқталды [Қасым-Жомарт Тоқаев 2024]. Қазір Қытай мен Қазақстан цифрлы экономика саласындағы ынтымақтастықты тереңдете түсу мәселесіне байланысты әлі де кейбір өзекті жайттарға кезігіп отыр.

Біріншіден, мемлекеттік ресми деңгейден басқа корпоративтік және іскерлік сектордың да өзара тығыз стратегиялық белсенділігі мен ықпалдастығын күшейте түсу қажет. Мұнан өзге Қазақстанмен ынтымақтастық үшін Қытайдың солтүстік-батыс және солтүстік аймақтарын айтпағанда, оңтүстік және шығыс аймақтарымен платформа жетіспейді.

Екіншіден, Қытай және Қазақстанның экономикасы мен өнеркәсіп құрылымының жалпы көлемі бірін бірі толықтырғанымен экономикалық және сауда сұраныстары арасындағы келісімді жақсарту, сондай-ақ энергетикалық емес шикізат ресурстарын, әсіресе цифрлы өнеркәсіптегі сауда үлесін тұрақты ұлғайту қажет. Қытай мен Қазақстан ортақ тағдырлы қоғам құру үшін екі ел халықтары арасындағы өзара түсіністік пен өркениеттер алмасуына ықпал еткені жөн.

«Қытай жылы», «Қазақстан жылы» секілді дәстүрлі ынтымақтастық формаларынан өзге цифрлы мәдени индустрия саласында ұзақ мерзімді нақты жобаларды дамыту керек.



Жоғарыда аталған жайттар негізге ала отырып, бұл мақалада Қытай мен Қазақстанның цифрлы трансформация саласындағы стратегиялық серіктестігін әрі қарай жылжыту үшін мынадай іс-шаралар ұсынылады:

**1) Сауда айырбасын нығайту және шекаралық электронды коммерцияны дамыту.** Қытай мен Қазақстан жасанды интеллект пен бұлтты есеп және электронды коммерция жобаларына инвестицияны ұлғайта алады. Қытай компаниялары Қазақстанда Орталық Азияға бұлтты қызмет көрсететін мәліметтерді өңдеу орталығын құра алады. Екі елде де цифрлы индустрияның кластерін құру алдыңғы қатарлы технологияны, қазіргі заманғы қызмет көрсету мен жасыл экономиканы тереңірек интеграциялауға мүмкіндік береді.

**2) Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымды оңтайландыру.** Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым құрудағы ынтымақтастықты белсенді оңтайландырып, дәстүрлі нысандарды цифрландыруды жақсарту және трансшекаралық желілерді біріктіру мәселесін көтеру қажет. Қытай және Қазақстан кәсіпорындары «Жаңа халықаралық сауда дәлізі», «CR Express» және Транскаспий халықаралық көлік бағытының тиімділігін пайдаланып, екі елде трансшекаралық қойма құра алады.

**3) Цифрлы экономика мен нақты сектор интеграциясы.** ҚХР төрағасы Си Цзиньпин цифрлы экономика мен нақты сектордың терең интеграциясы арқылы цифрлы өнеркәсіп кластерін халықаралық деңгейде бәсекеге қабілетті етудің маңызды екенін атап өтті [Си Цзиньпин 2022]. Экономиканың нақты секторы мен виртуалды секторының үйлесімі елдер арасындағы цифрлы айырмашылықты еңсеруге, екі ел тұрғындарының цифрлы сауда артықшылығын пайдалануға мүмкіндік береді. Халықтың ауқымды географиялық кеңістікте орналасқанын ескере отырып, денсаулық сақтау, білім саласындағы цифрлы сауаттылықты көтере түсуге назар аударылғаны жөн.

**4) Халықаралық ынтымақтастық пен аймақтық бастамалар.** Екіжақты ынтымақтастық тетіктерінен өзге, халықаралық алаңдардағы өзара әрекеттестікке үлкен маңыз беріледі. Қытай мен Қазақстан арасындағы цифрлы ынтымақтастық Шанхай ынтымақтастық ұйымы (ШЫҰ), БРИКС пен «Қытай – Орталық Азия» форматы шеңберінде басымдық алады. Аймақ аралық өзара әрекеттестік контексіндегі цифрлы экономика идеясын алға шығаратын «ШЫҰ Самарқанд декларациясының» (2022) рөлін де айта кету керек. «Цифрлы сауда саласындағы ынтымақтастық перспективаларын зерттеу бастамасы» (2023) сауда инвестициялық ынтымақтастық пен бизнесті жүргізу жағдайларын жақсартуды қоса отырып, цифрлы сауда саласындағы практикалық ынтымақтастық негізін ұсынды. Қытай мен Қазақстан цифрлы экономиканың ұлттық ережелері халықаралық коммуникациясы мен дауыс құқығын кеңейте түсу үшін күш-жігер біріктіре отырып, Еуразия аймағындағы дамушы елдердің консенсусына ықпал ете алады. Мұнан өзге, желі элементтері мен мәлімет қауіпсіздігін бірлесіп қорғау және қауіп-қатерден сақтау - цифрлы экономиканы жаһандық басқару мен цифрлы қоғамның тұрақты дамуының негізгі аспектілері болып табылады.

## Библиография

*Alibekova G., Medeni T., Panzabekova A., Mussayeva D.* Digital Transformation Enablers and Barriers in the Economy of Kazakhstan // *The Journal of Asian Finance, Economics and Business*. 2020. № 7 (7). P. 565–575.

Бірлескен мәлімдеме «中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明». 03.07.2024 来源: 新华社. URL: [https://www.gov.cn/yaowen/liebiao/202407/content\\_6961005.htm](https://www.gov.cn/yaowen/liebiao/202407/content_6961005.htm).

Бірлесіңіздер «携手构建亚太命运共同体——在亚太经合组织第二十七次领导人非正式会议上的发言». 20.11.2020. 国务院公报 > 2020年第34号. URL: [https://www.gov.cn/gongbao/content/2020/content\\_5567740.htm](https://www.gov.cn/gongbao/content/2020/content_5567740.htm).

- Есен 《“一带一路”数字经济发展指数报告（2018）》. 2018. URL: [https://www.ec.com.cn/html\\_root/subject/imgView/article/20180919/20180919171520901.pdf](https://www.ec.com.cn/html_root/subject/imgView/article/20180919/20180919171520901.pdf).
- Есен 《中国数字贸易发展报告（2022）》. 2023. URL: <http://images.mofcom.gov.cn/fms/202312/20231205112658867.pdf>.
- Есен 《数字中国发展报告（2023年）》. 2024. URL: <https://www.szzg.gov.cn/2024/szzg/xyzx/202406/P020240630600725771219.pdf>.
- Ескерту 《国务院关于印发“十四五”数字经济发展规划的通知》. 12.01.2022. URL: [https://www.gov.cn/zhengce/content/2022-01/12/content\\_5667817.htm](https://www.gov.cn/zhengce/content/2022-01/12/content_5667817.htm).
- Жаңалықтар 《2024全球数字经济白皮书》发布 中国AI企业占全球15%. 03.07.2024 来源: 央广网. URL: [https://news.cnr.cn/local/dftj/20240703/t20240703\\_526775706.shtml](https://news.cnr.cn/local/dftj/20240703/t20240703_526775706.shtml).
- Қасым-Жомарт Тоқаев пен Си Цзиньпин БАҚ өкілдері үшін брифинг өткізді. 2024. URL: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-pen-si-czinpin-bak-okilderi-ushin-brifing-otkizdi-363334>.
- Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2023. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskii-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588>.
- Мемлекет басшысы Digital Bridge форумының пленарлық отырысында сөз сөйледі. 28.09.2022. URL: <https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-vystupil-na-plenarnom-zasedanii-foruma-digital-bridge-2883459>.
- Сагинтаев Б. Об утверждении Государственной программы «Цифровой Казахстан». Постановление Правительства Республики Казахстан от 12 декабря 2017 года № 827. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827>.
- Сембеков А.К., Будешов Е.Г., Тажбаев Н.М., Улаков Н.С., Тюпакова Н.Н. Цифровая экономика Казахстана: теоретические аспекты, возможности развития // Вестник Карагандинского университета. Серия Экономика. 2020. №2(98). С. 79–89.
- Си Цзиньпин «高举中国特色社会主义伟大旗帜 为全面建设社会主义现代化国家而团结奋斗——在中国共产党第二十次全国代表大会上的报告». 2024. 来源: 新华社. URL: [https://www.gov.cn/xinwen/2022-10/25/content\\_5721685.htm](https://www.gov.cn/xinwen/2022-10/25/content_5721685.htm).
- Цифрлық Қазақстан: шынайылығы мен перспективалары. Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы. 10.03.2018. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/tsifrovoy-kazahstan-realii-i-perspektivi-16155>.

## Reference

- Report, 2024 《数字中国发展报告（2023年）》. URL: <https://www.szzg.gov.cn/2024/szzg/xyzx/202406/P020240630600725771219.pdf> (in Chinese).
- Report, 2023. 《中国数字贸易发展报告（2022）》. 2023. URL: <http://images.mofcom.gov.cn/fms/202312/20231205112658867.pdf> (in Chinese).
- Report, 2018. 《“一带一路”数字经济发展指数报告（2018）》. 2018. URL: [https://www.ec.com.cn/html\\_root/subject/imgView/article/20180919/20180919171520901.pdf](https://www.ec.com.cn/html_root/subject/imgView/article/20180919/20180919171520901.pdf) (in Chinese).
- Sembekov, A.K., Budeshov, E.G., Tazhbaev, N.M., Ulakov, N.S., Tyupakova, N.N. 2020. Cifrovaja jekonomika Kazahstana: teoreticheskie aspekty, vozmozhnosti razvitija [Digital Economy of Qazaqstan: Theoretical Aspects, Development Opportunities]. In: *Bulletin of Qaragandy University. Series Economics*, 2 (98), 79–89 (in Russian).
- Alibekova, G., Medeni, T., Panzabekova, A., Mussayeva, D. 2020. Digital Transformation Enablers and Barriers in the Economy of Kazakhstan. In: *The Journal of Asian Finance, Economics and Business*, 7 (7), 565–575 (in English).

- Sagintayev, B. 2017. On approval of the State Program "Digital Qazaqstan". Resolution of the Government of the Republic of Qazaqstan dated December 12, 2017 No. 827. URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1700000827> (in Russian).
- President Kassym-Jomart Tokayev's State of the Nation Address "Economic course of a Just Kazakhstan". September 1, 2023. URL: <https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-ekonomicheskii-kurs-spravedlivogo-kazahstana-18588> (in Qazaq).
- The head of state spoke at the plenary session of the Digital Bridge forum. September 28, 2022. URL: <https://akorda.kz/ru/glava-gosudarstva-vystupil-na-plenarnom-zasedanii-foruma-digital-bridge-2883459> (in Qazaq).
- Digital Kazakhstan: current state of affairs and prospects for future. Official Information Source of the Prime minister of the Republic of Kazakhstan. 10.03.2018. URL: <https://primeminister.kz/ru/news/tsifrovoy-kazahstan-realii-i-perspektivi-16155> (in Qazaq).
- Kassym-Jomart Tokayev and Xi Jinping held a briefing for media representatives. 2024. URL: <https://www.akorda.kz/kz/kasym-zhomart-tokaev-pen-si-czinpin-bak-okilderi-ushin-brifing-otkizdi-363334> (in Qazaq).
- Xi Jinping 2024 《高举中国特色社会主义伟大旗帜 为全面建设社会主义现代化国家而团结奋斗——在中国共产党第二十次全国代表大会上的报告》. 2024. 来源: 新华社. URL: [https://www.gov.cn/xinwen/2022-10/25/content\\_5721685.htm](https://www.gov.cn/xinwen/2022-10/25/content_5721685.htm) (in Chinese).
- Unite, 2020 《携手构建亚太命运共同体——在亚太经合组织第二十七次领导人非正式会议上的发言》. 20.11.2020. 国务院公报 > 2020 年第34号. URL: [https://www.gov.cn/gongbao/content/2020/content\\_5567740.htm](https://www.gov.cn/gongbao/content/2020/content_5567740.htm) (in Chinese).
- Notice, 2022 《国务院关于印发“十四五”数字经济发展规划的通知》. 12.01.2022. URL: [https://www.gov.cn/zhengce/content/2022-01/12/content\\_5667817.htm](https://www.gov.cn/zhengce/content/2022-01/12/content_5667817.htm) (in Chinese).
- News, 2024. 《2024全球数字经济白皮书》发布 中国AI企业占全球15%. 03.07.2024 来源: 央广网. URL: [https://news.cnr.cn/local/dftj/20240703/t20240703\\_526775706.shtml](https://news.cnr.cn/local/dftj/20240703/t20240703_526775706.shtml) (in Chinese).
- Joint Statement, 2024. 《中华人民共和国和哈萨克斯坦共和国联合声明》. 03.07.2024 来源: 新华社. URL: [https://www.gov.cn/yaowen/liebiao/202407/content\\_6961005.htm](https://www.gov.cn/yaowen/liebiao/202407/content_6961005.htm) (in Chinese).

Disclosure of conflict of interest information. The author claims no conflict of interest / Мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты ашу. Автор мүдделер қақтығысының жоқтығын мәлімдейді / Раскрытие информации о конфликте интересов. Автор заявляет об отсутствии конфликта интересов

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 01.07.2024

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами: 31.07.2024

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 26.08.2024

